

## Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі тәрбие және әлеуметтік-хұқықтық жұмыс органдары туралы Ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы. 1993 жылғы 22 маусым N 1273

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде командирлердің /бастықтардың/ тәрбие және әлеуметтік-хұқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарларының институты құрылуына байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі тәрбие және әлеуметтік-хұқықтық жұмыс органдары туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Ішкі істер министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және Республикалық ұланның Қолбасшысымен бірлесіп 1993 жылғы 30 шілдеге дейін тәрбие және әлеуметтік-хұқықтық жұмыс органдары лауазымды адамдарының міндеттерін осы Ережеге сәйкес әзірлеп, бекітсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 3

ж ы л ғ ы

2 2

м а у с ы м д а ғ ы

N

1 2 7 3

қ а у л ы с ы н а

**Қосымша**

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі тәрбие және әлеуметтік-хұқықтық жұмыс органдары туралы ЕРЕЖЕ**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдарын ұйымдастыру принциптерін, қызмет тәртібін және олардың құқығы мен міндеттерін анықтайды.

Бұл Ереже Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскерлеріндегі, Республика ұланы мен басқа да әскери құрамалардағы тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдарының қызметіне қолданылады.

2. Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдары әскерлердің ұйымдық-штаттық құрылымына, олардың шешетін міндеттерінің сипатына сәйкес құрылады және әскери басқару органдарының құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдары тиісті командирлерге /бастықтарға/, жоғары тұрған тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдарына бағынады, әскерлердегі тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстың ұйымдастырылуына, жеке құрамның моральдық-психологиялық жағдайына, әскери

тәртіптің нығайуына жауап береді.

4. Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Министрлер Кабинетінің актілерін, әскери жарғыларды, Қорғаныс министрінің, Ішкі істер министрінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының, Республика ұланы қолбасшысының, олардың тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарларының бұйрықтары мен директиваларын, тиісті командирлердің /бастықтардың/ бұйрықтарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлеріндегі тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдарының құрамы мен құрылымын Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы және Республика ұланының қолбасшысы бекітеді, ал олардың құқықтары мен міндеттерін және қызмет тәртібін әскери жарғылар мен осы Ереже анықтайды.

6. Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдарының лауазымды адамдары белгіленген тәртіп бойынша тағайындалады.

7. Тиісті командирлердің /бастықтардың/ тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарлары тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдарының жұмысына басшылық жасайды, өз өкілеттігі шегінде бүкіл жеке құрамның тікелей бастығы болып табылады.

8. Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдарына мынадай міндеттер жүктеледі:

- Қазақстан Республикасының қорғанысы мен қауіпсіздігі саласында басқа да әскери басқару органдарымен бірлесіп мемлекет саясатын жүргізу, әскерлердің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігінің, оқу-жауынгерлік процестің сапасына тиімді ықпал ететін шараларды жүзеге асыру;

- әскерлерде тәрбие жұмысын ұйымдастыру, әскери қызметшінің бойына конституциялық борышқа адалдықты қалыптастыру, патриотизм мен интернационализмге, Қазақстан Республикасын қорғауға әзір тұруға тәрбиелеу;

- жеке құраммен әлеуметтік-құқықтық жұмысты ұйымдастыру, әскерлердің әлеуметтік дамуы мәселелері бойынша тиісті қызметтердің жұмысын үйлестіру, арыздар мен шағымдарды уақтылы шешу, әскери әділет органдарымен бірлесіп әскерлерге заңгерлік көмек көрсету;

- жеке құрам арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, әскерлерде берік әскери тәртіп пен құқық тәртібін сақтау, көп ұлтты әскери ұжымдарды нығайту, қауіпсіз әскери қызметке қажетті жағдайды қамтамасыз ету шараларын әзірлеп, жүзеге асыру;

- әскери басқару органдарын ақпаратпен қамтамасыз етуді, жеке құрамның объективті және жедел хабардар болуын, оның қоғамдық-адамгершілік және құқықтық әзірлігін ұйымдастыру;

- әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің, жұмысшылар мен

қызметшілердің мұқтажы мен тілек-талабын зерделеу, әлеуметтік әділдіктің принциптерін сақтау шараларын дайындау мен іске асыру, қарамағындағылардың құқықтарын қамтамасыз ету жөнінде тиісті командирлерге /бастықтарға/ ұсыныс енгізу ;

- әскер орналасқан аудандардағы қоғамдық-саяси жағдайларды зерделеу, әскерлердің алдында тұрған міндеттерді шешудің мүддесі үшін жергілікті өкілді және атқарушы органдармен, заңға сәйкес жұмыс істейтін қоғамдық бірлестіктермен, шығармашылық одақтармен, діни конфессиялармен байланыс орнатып, оны дамыту;

- әскери ұжымдардағы қоғамдық кеңестер мен комиссияларға әдістемелік көмек көрсету ;

- әскери бөлімдерде жеке адам құрамына мәдени қызмет көрсетуді және оның бос уақытын дұрыс өткізуін ұйымдастыру;

- әскери бұқаралық ақпарат құралдарына басшылық ету, мемлекеттік және басқа бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара бірлесіп іс-әрекет жасау, мерзімді басылымдарға жазылуды ұйымдастыру;

- әскери тәртіпті нығайту, тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі озық тәжірибені қорыту мен енгізу;

- кадрлар саясатын жүргізуге, оларды орналастыруға, құқықтық негізде дара басшылықты күшейту шараларын өткізуге, әскери кадрларды тәрбие жұмысының практикасына баулу ісіне қатысу;

- тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдарының лауазымды адамдарын іріктеуді, оқытуды, орналастыруды және тәрбиелеуді ұйымдастыру;

- шақырылған және шақыруға дейінгі жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мен әскери-кәсіптік бағдарлауды ұйымдастыру;

- қарамағындағы әскери телерадио хабарын тарату құралдарына, әскери мәдениет мекемелеріне, жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерге, полиграфия мекемелеріне басшылық жасау;

- әскерлерді тәрбие жұмысының техникалық құрал-жабдығымен, оқу-әдістемелік құралдармен, бос уақытты мәдениетті өткізуге қажетті басқа да мүлікпен және материалдармен қамтамасыз ету;

- қарауындағы мекемелер мен ұйымдардың тәрбие жұмысын жүргізуге бөлінген қаржыны жұмсауын бақылау, олардың қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасау.